

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

10-сынып

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3	Критериалды бағалау моделімен байланысы (КБМ).....	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1	Бағалау міндеттері	4
3.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	1-емтихан жұмысы.....	4
3.2	2-емтихан жұмысы.....	4
3.3	Балдардың үлестірілуі.....	5
3.4	Емтиханды өткізу тілі.....	5
4.	Емтиханды өткізу процесін басқару	5
5.	Балдарды қою процессі.....	5
6.	Бағаларды қою процесі	6
6.1	Бағалар сипаттамасы.....	6
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі.....	7
7.1	1-емтихан жұмысы.....	7
7.2	2-емтихан жұмысы.....	10

1 Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы


10-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE халықаралық стандартына сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

10-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 9 және 10-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау моделімен байланысы (КБМ)

Сыртқы жиынтық бағалау Критериалды бағалау моделінің бөлігі болып табылады, осы моделге сондай-ақ қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау кіреді.



2 Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Барлық оқушылар екі емтихан жұмысын орындайды.

1-емтихан жұмысы	90 минут
Бұл жұмыста оқушы үш сұраққа жауап береді. Ол сұрақтар дереккөз материалдарына негізделінген және оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын бағалайды. Құрастырылған сұрақтар (а), (b) және (с) деп белгіленген. Берілетін балл саны (15), (18) және (21). Барлығы 54 балл. Тапсырмаларда 1 мен 4-бөлімдер арасындағы бір тақырыпқа байланысты алты дереккөздерге дейін әртүрлі мысалдар берілген. Мысалы «Шаруашылық» («Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасының 4-бөлімінен алынған).	
Жалпы балл санының 36 %-ы	
2-емтихан жұмысы	120 минут
Оқушылар берілген үш тапсырманың ішінен өздері таңдап алған екеуіне жауап береді. Үш бөлімнің әрқайсысында 1-емтихан жұмысында қарастырылмаған бір сұрақ бар. Мысалы «Мемлекеттің дамуы» атты 3-бөлім әрбір сұраққа қатысы бар бір бөліктегі сұрақ болып табылады. Әр тапсырманың форматына ұқсас келетін және 100 сөзге дейінгі ынталандыру материалдары бар.	

Әр тапсырма үш (а), (б) және (с) сұрақтарынан тұрады, берілетін балл саны (9), (15) және (24). Барлығы 96 балл.

Жалпы балл санының 64%-ы

2.1 Бағалау міндеттері

Бағалау міндеттері оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттарына сай келеді.

1-БМ	Білу және түсіну Оқушылар пән бағдарламасының мазмұнын түсініп, іріктеп, білімін көрсете білуі тиіс.
2-БМ	Дағдылар және талдау Оқушылар • тарихи оқиғалардың себеп-салдарын, өзгерістер мен үздіксіз сабақтастықтарын, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын; • өткен замандағы адамдардың дәлелдерін, пікірлерін, көзқарастары мен нанымдарын білуі тиіс.
3-БМ	Пайымдау және шешім қабылдау Оқушылар тарихи контекст бойынша дереккөздерді кең қолданып, бағалап, түсіндіре білуі тиіс.

3 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқушыларға 2 емтихан жұмысы беріледі. 1-емтихан жұмысында барлық бағалау міндеттері бағаланады. 2-емтихан жұмысында 1 және 2-бағалау міндеттері бағаланады.

3.1 1-емтихан жұмысы

90 минут Бұл емтихан жұмысында міндетті үш сұрақ берілген. Әр сұраққа сәйкесінше (15), (18) және (21) балдан қойылады. Сұрақтар оқушының әр түрлі деректерді: мәтін, график, сызба, сурет, карта, постер, таблица арқылы түсіндіру, қолдану, бағалау дағдыларын тексереді. Дереккөз материалдары 600 сөзден аспайды. Сонымен қатар оқушының «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы 1-4-бөліміндегі (<i>Әлеуметтік қатынастардың дамуы, Мәдениеттің дамуы, Мемлекеттің дамуы, Қазақстанның экономикалық дамуы</i>) бір тақырып бойынша білімі мен дағдылары бағаланады. Барлығы 54 балл.
--

3.2 2-емтихан жұмысы

120 минут Оқушылар таңдауға берілген үш тапсырманың ішінен екі тапсырмаға міндетті түрде жауап береді. Әр тапсырма үш сұрақтан құралған. Әрбір тапсырма 48 балдан тұрады. Үш тапсырмада 100 сөзге дейінгі ынталандыру материалдары бар. Сұрақтар пән бағдарламасының мазмұнын еске түсіріп, іріктеп, білімін көрсете білу және түсіну қабілеттілігін бағалайтын бөліктерден тұрады: • тарихи оқиғалардың себеп-салдары, өзгерістер мен үздіксіз сабақтастықтары,

- ұқсастықтары мен айырмашылықтары;
- өткен тарихи кезеңдегі адамадардың пікірлері, көзқарастары мен наным-сенімдері. Өр тапсырманың үш сұрағына (a, b, c) берілетін балл саны - (9), (15) және (24).

Барлығы 96 балл.

3.3 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі төмендегі кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	1-емтихан жұмысы	2-емтихан жұмысы	Барлығы
1-БМ	12	54 (2 x 27)	66
2-БМ	21	42 (2 x 21)	63
3-БМ	21	0	21
Барлығы	54	96	150

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде тапсырылады.

4 Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі тармақтарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау.

5 Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ лидерлері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ лидерлері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ лидерлері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6 Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
А	Оқушылар: • тиянақты және логикалық дәлелдемені күшейту үшін тарих туралы білімін ескеріп, іріктеп, ашық жазуы; • үйлесімді ұғымдарды пайдалана отырып, өте лайықты нақышта байланыс орнатуы; • өткен қоғам мен жеке адамдар туралы білімін көрсетуі; • көптеген тарихи деректерді келтіріп, оларды дәлел ретінде қолдана білуі; • белгілі деректерге шек қойылғанын нақты анықтауы; • деректерді салыстыра отырып, бір тиянақты, қисынды тұжырымға келуі керек.
С	Оқушылар: • логикалық дәлелдемені күшейту үшін тарих туралы біршама жақсы білімін есіне түсіруі; • біршама үйлесімді ұғымдарды қолдана отырып, ашық, түсінікті байланыс орнатуы; • өткен қоғам мен жеке адамдар туралы білімін көрсетуі; • тарихи деректерді келтіріп, оларды дәлел ретінде қолдана білуі; • белгілі деректерге шек қойылғанын анықтауы; • деректерді салыстыра отырып, бір түсінікті тұжырымдамаға келуі керек.
Е	Оқушылар: • дәлелдерді негіздеу үшін тарих туралы білімінің ескерілуі; • ұғымдарды пайдалана отырып, орынды байланыс орнатуы; • нақты мысалдар келтіре отырып, басқа адамдардың көзқарасын білетіндігін көрсетуі; • тарихи деректерді келтіріп, оларды дәлел ретінде қолдана білуін шектеулі түрде болса да көрсете білуі; • тұжырым жасамай-ақ, дәлел бола алатын деректерді салыстыра білуі керек.

7 Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Әр сұрақтың соңында тік жақша [] ішінде осы сұрақтың жауабы үшін берілетін балдар саны келтірілген.

Нұсқама ретінде әр тапсырма үшін қойылатын балдар саны анық көрсетілген балл қою кестесі беріледі.

7.1 1-емтихан жұмысы

Берілген деректерге мұқият қарап, оларды сұрақтың **барлық** бөлімдеріне жауап беру үшін көмек ретінде пайдаланыңыз.

А дереккөзі: Кеңес үкіметінің қаулысы

Халық комиссарларының Кеңесі және КОКП (б) Орталық комитеті қаулысынан:

Жапон барлаушыларының Қиыр Шығыс аймағына енуінің алдын алу үшін келесі шаралар қолға алынуы қажет:

1. Бүкіл Корей халқын Қиыр Шығыстың шекаралық аймақтарынан депортациялап, Оңтүстік Қазақстан аймағына, Арал теңізі маңындағы аймақтарға қоныстандыру
2. Депортациялауды шұғыл түрде бастап, оны 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқтау
3. Корей халқына жылжымалы мүлігі мен малын өзімен бірге алуға рұқсат ету
4. Мекендеген жерінде қалдырған жылжымалы және жылжымайтын мүлік пен егістіктің құнын өтеу.

1937 жылғы №1428-326 сс КСРО Халық комиссариаты Кеңесінің қаулысынан алынған.

В дереккөзі: Көтерілісті сипаттайтын мүсін



Республика алаңында орналасқан Тәуелсіздік монументінің бір бөлігі, Алматы қаласы.

Онда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының көрінісі бейнеленеді. Дінмұхамед Қонаев Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы қызметінен босатылып, оның орнына Геннадий Колбин отырғызылды. Баннерде «әр халыққа- өз көсемі» деп жазылған.

С дереккөзі: Кестеде 1988–89 оқу жылындағы Қазақстан мектептерінің оқыту тілі бойынша мәліметтер көрсетілген.

Мектеп түрі	Барлық аймақтарда	Тек қалалық аймақтарда	Тек ауылдық аймақтарда
Тек орыс тілінде	52.4%	72.7%	47.3%
Тек қазақ тілінде	31.9%	11.3%	37.1%
Аралас	14.6%	15.1%	14.5%

Мәліметтер 2006 жылы басылған ғылыми мақаладан алынған. Оқыту тек басқа тілдерде жүргізілетін саны аз мектептер есептелінбеген.

Д дереккөзі: Американдық газеттен алынған баяндама

1941 жылы нацистер Кеңес Одағына баса-көктеп кірген кезде Сталин Еділ жағалауындағы Неміс автономиялық республикасын таратты және ондағы тұрғылықты азаматтарды ықтимал жау ретінде Сібір мен Орта Азияға күштеп көшіріп жіберді. Арықша келген, шашы енді ағара бастаған, алтын тісті әйел Зария ханым 38 жаста болғанымен, өз жасынан 15 жас үлкен көрінетін.

«Менің ата-анам қол сөмкелерімен ғана кетті. Олар өмір бойы Еділ аймағына қайтадан оралуды армандады. Әжем Еділ аймағын аңсаумен өтіп, 90 жасында Қазақстанда қайтыс болды. Ата-анам да сондай арманмен дүниеден озды», - дейді ол.

Оның ата-анасы тек неміс тілінде сөйледі, ал өзі оңтүстіктегі Гагарин деп аталатын

шағын қазақ ауылында өсті. Ондағы жергілікті балалардың оны көшеде мазақ қылып айқайлап қуатын кездерін де көрді.

Бір әйелдің Қазақстандағы өз өмірі жайлы айтқан әңгімесі келтірілген 1993 жылғы американдық журналистің баяндамасы. Әйел Еділ аймағына қайтып оралған.

Е дереккөзі: Қазақстанның азаматтық кодексінің сипаттамасы

1995 жылы 3 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елдің азаматтық кодексіне толықтырулар енгізу және бұл заңда екі жақты азаматтық құқық берілмейтіндей жаңа Конституцияға сәйкестендіру мақсатында қаулы жариялады. Толықтырылған азаматтық кодекс бойынша «Қазақстан территориясында тұратын басқа елдің азаматтығын алған адам Қазақстан азаматы ретінде мойындалмайды».

Егер де Қазақстан азаматы басқа елдердің әскери күштерінде немесе қауіпсіздік саласында қызмет етсе, ондай азамат өз азаматтығынан айырылуы мүмкін.

Сонымен бірге, толықтырылған заң бойынша Қазақстанға жақын туысқандарына қосылуға келген Қазақстан азаматы болып табылмайтын посткеңестік елдердің азаматтары үшін Президент қаулысына сәйкес жеке тұлғалар азаматтық ала алады.

АҚШ, Вашингтон, Колумбия округінде орналасқан ұйымның вебсайтынан алынған. Мақала 1995 жылы жазылған.

Ғ дереккөзі: «Қазақстан жолы» сипаттамасы

Қазақстанның даму жолы бұл – мемлекеттігіміздің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Ал 100-ден астам этникалық топтардың бір-бірімен бейбітшілікте өмір сүретін елдегі толеранттылық пен жауапкершілік ұғымдарының мәні терең. Сарапшылардың айтуы бойынша этникалық қауымдастықтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу ұстанымы мен көпұлтты қоғамның бір бүтін қоғам болып бірігуі осы мемлекеттің тәуелсіздігінің тұғырлы болуының басты негіздерінің бірі болмақ.

Қазақстанда ағылшын тілінде басылып шығатын «Astana Times» газеті баяндамасынан алынған, 2012.

Сұрақтар

- (a) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, Қазақстандағы этникалық топтарды зерттейтін тарихшыға дереккөздердің құндылығын бағалаңыз.

[15]

- (b) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, неліктен Қазақстанда қазақтардан басқа көптеген этникалық топ өкілдерінің тұратынын түсіндіріңіз.

[18]

- (c) «Тәуелсіздік Қазақстандағы этникалық қарым-қатынастарға жағымды өзгерістер әкелді». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз? Дереккөздер мен өз білімдеріңізді пайдалана отырып, өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

[21]

7.2 2-емтихан жұмысы

Берілген үш тапсырманың **екеуіне** жауап беріңіз.

1 Мәдениеттің дамуы

Өткен ғасырларда қазақ халқы көшпенді өмір сүрді. Қалыптасқан қоғамда көптеген діни наным-сенімдер мен дәстүрлер қатар өмір сүрді. Кеңес ықпалының үстемдігі діни наным-сенімдер мен дәстүрлердің еркіндігін тежеді. Дегенмен тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан діндерді қабылдауға күшін салуда.

(a) Қазіргі Қазақстан халқының ұстанатын діндерін сипаттаңыз. [9]

(b) Қазіргі Қазақстан қоғамында дін неліктен шиеленістердің себепшісі болмайтындығын түсіндіріңіз. [15]

(c) «Иосиф Сталин Қазақстандағы дәстүрлі діни топтар үстемдігін жою мақсатына қол жеткізе алмады». Сіз осы тұжырыммен қаншалықты келісесіз? [24]

2 Мемлекеттің дамуы

Кеңес Одағының құлдырауынан кейін Қазақстан деп аталатын жаңа мемлекет құрылды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттің алдында қалай басқарылатыны және қызмет ететіні жайлы көптеген таңдаулар тұрды. Елорданы ауыстыру мақсаты жарияланды. 1994 жылы елорда Астана (Ақмола атауынан өзгертілген) деп анықталды.

(a) Елорданы Алматыдан жаңа жерге көшіру себептерін анықтаңыз. [9]

(b) Тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жолындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметін түсіндіріңіз. [15]

(c) «Тәуелсіздік алғаннан кейін көшбасшылыққа ие болу - Қазақстан қоғамына өзгеріс әкелді». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз? [24]

3 Қазақстанның экономикалық дамуы

Қазақтың дәстүрлі ауылдық өміріне негізделген көшпенді экономикасы ұжымдастыру мен қалаларға қоныс аудару сияқты қос саясат салдарынан жойылды. Тәуелсіздігін алған соң Қазақстан посткеңестік республикалар ішінде экономикалық жағынан бәсекеге қабілетті елдердің бірі болды.

(a) Қазақстандағы индустриалдық экономиканы дамытудың басты кезеңдерін сипаттаңыз. [9]

(b) Кеңестік саясат Қазақ КСР индустриясының дамуына қалай жол ашқанын түсіндіріңіз. [15]

(c) «Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан индустриясы өнеркәсіптік және өңдеу үдерісінен сәтті өтті». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз? [24]

Балл қою кестесі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы және арнайы. Жалпы балл қою кестесі жекелеген сұрақтардың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды, тек сұрақты қолдануға арналған. Жалпы балл қою кестесі 3 мөлшерлемеден құралады, мәселен, 1-3 балл (төмен), 4-6 балл (орта), 7-9 балл (жоғары).

Барлық сұрақтарға ашық және толық жауаптар берілуі керек. Балл қою кестесінің екі түрі де бірдей қолданылады.

1-емтихан жұмысының балл қою кестесі

1-БМ – 12 балл

2-БМ – 21 балл

3-БМ – 21 балл

Сұрақтар

1 (а) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, Қазақстандағы этникалық топтарды зерттейтін тарихшыға дереккөздердің құндылығын бағалаңыз.

[15]

1-БМ – 6 балл

3-БМ – 9 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Оқушылар деректердің кемінде үшеуі бойынша дұрыс контекстегі білімдерін көрсетеді. Мысалы, Кеңес үкіметінің корейліктер (А дереккөзі) және немістер (D дереккөзі) сияқты халықтардың этникалық топтарын түгелдей көшіру тәжірибесі; орыс шенеуніктерімен таныстыру (B дереккөзі); қазақ емес ұлт өкілдеріне деген қазақ халқының қарым-қатынасы (D және F дереккөздері). Орта деңгейлі жауаптарда бір немесе одан көп дереккөздер бойынша дұрыс контекстегі білімі көрсетіледі, бірақ жауап сенімді түрде толықтай берілмеген болуы да мүмкін. Төмен деңгейлі жауаптарда бір ғана дереккөзге қатысты дұрыс және орынды болып табылатын үстіртін контекстігі білімі немесе біршама жеткіліксіз білімі көрсетіледі.

3-БМ Оқушылар тарихшыға берілген дереккөздердің кемінде төртеуінің құндылығы бойынша негізделген пікір береді. D дереккөзіндегі үлгіде шектеулі мысалдар берілген, бұл оқушыларды дереккөзге қатысты сұрақ қоюға итермелейді; D дереккөзі Американдық газетте шыққан – бұл оның шынайылығына (анықтығына) әсерін тигізеді ме, сол анықталады. Тұжырым F дереккөзіндегі оқиға сипаттамасына қарама-қайшы болып келеді; B дереккөзі Кеңес Одағынан Қазақстанның тәуелсіздігіне байланысты оқиғалардың Қазақстан тарапынан берілген оқиға сипаттамасы болғандықтан, ол жауап беру үшін пайдалы болып табылады – бұл сипаттама орыстарға қатысты жалпы қарым-қатынасты қаншалықты бейнелейді?; C дереккөзінің құндылығы сол, онда датасы берілген; A дереккөзі Қазақстанға қоныстандырылған көптеген корейліктер қатаң климаттық жағдайлардың себебінен опат болды деген ойды пайымдайды. Орта деңгейлі жауаптарда деректердің кемінде үшеуінің пайдасы жөнінде пікір беріледі де, онда белгілі бір деректің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы білімі жеткілікті түрде көрсетіледі. Төмен деңгейлі жауаптарда деректердің бірінің пайдасы туралы шектеулі білімі немесе бір ғана дерек туралы толық білімі көрсетіледі.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
5–6 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	7–9 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану.
3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	4–6 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиісті түрде пайдалану.
1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–3 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда аздап пайдалану.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда пайдаланбау.

(b) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, неліктен Қазақстанда қазақтардан басқа көптеген этникалық топ өкілдерінің тұратынын түсіндіріңіз

[18]

1-БМ – 6 балл

2-БМ – 6 балл

3-БМ – 6 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Оқушылар дереккөздерді Қазақстан халқының көпұлтты болуының себептері бойынша келтірілген дәлелдерге сәйкестендіру үшін өте орынды пайдаланады. А және С дереккөздерінде КСРО-ның өзге аймақтарынан Қазақстан жеріне ауқымды көшірулер болғаны көрсетіледі. Оқушылар аймаққа көшірілген өзге топтар жөнінде қосымша мысалдарын келтіре алады. F дереккөзі Қазақстанның біртұтас көпұлтты мәдениет құру мақсатын көрсетеді. Осы бойынша, неліктен қазақ емес ұлт өкілдерінің тәуелсіз Қазақстанда қалғанын түсіндіруге болады. Оқушылар өнеркәсіптің даму кезеңінде көмек көрсетуі туралы және тыңайған жерлерді игеру саясатына қатысқаны туралы, сонымен қатар Коммунистік партия өкілдері ретінде көптеген орыстардың Қазақстанға келген кездегі Кеңес кезеңі туралы білімдерін пайдалана алады. Ерте кезеңдердегі көші-қон туралы білімі де бағаланады. Бір ғана дереккөзі пайдаланылған болса, 1-2 аясындағы балл қойылады. 3-тен көп балл алуы үшін оқушылар өз білімдерін қолдануы қажет.

2-БМ Қазақстанның көпұлтты халқы жайлы анық және дәлме-дәл түсіндірме беріледі. Кеңес Одағындағы ішкі қауіпсіздігіне төнген қауіп көшірулер мен түрме лагерьлерінің болуын түсіндіреді. Осыған орай Қазақстанның «халық жаулары» үшін алшақ және қоршаған ортаның қолайсыз аймақ болып есептелетінін түсіну керек. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес өнеркәсібінің, сонымен қатар Қазақстанның минералды ресурстарының көшірілуі арқылы орыс сарапшыларының қоныс аударылуы түсіндіріледі. Оқушылар арнайы ядролық индустрия жайлы ескертуі мүмкін. Хрущевтың саясаты арқылы агрономдар, жұмысшылар, жас пионерлер сияқты көптеген орыс халқы өкілдерінің көшірілуі де түсіндіріледі. Өзіндік жеке білімінен келтірілген мысалдар да бағаланады. 5-6 балл алу үшін берілген түсініктемелер анық және берілген себептердің маңыздылығын реттілігімен айтуға талпыныс болуы қажет.

3-БМ Дереккөздерді сыни тұрғыда қолдану арқылы олардың әрбіреуінің тарихшыға құндылығы, олардың авторлығы және өзге де факторлар себебінен кейбіреулерінің пайдасы зор болатыны көрсетіледі.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
5–6 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	5–6 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.	5–6 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану.
3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.	3–4 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиісті түрде пайдалану.
1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.	1–2 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда аздап пайдалану.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.	0 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда пайдаланбау.

(с) «Тәуелсіздік Қазақстандағы этникалық қарым-қатынастарға жағымды өзгерістер әкелді». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз? Дереккөздер мен өз білімдеріңізді пайдалана отырып, өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

[21]

2-БМ – 15 балл

3-БМ – 6 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

2-БМ Қазақи даралықты қалыптастыру (С дереккөзінде тіл мәселесінің көтерілуі және В дереккөзі бойынша кеңестік құзыретті тұлғасына деген өшпенділік қарым-қатынасты бейнеленуі), елге деген адалдық (азаматтық заңдарда көрсетілген – Е дереккөзі), ұлтаралық шиеленіс (В және D дереккөздерде бейнеленген) сияқты көпұлтты халықтың мәселелерін толықтай және негізді түрде түсіну. Мысалы, F дереккөзіне қарсы А және D дереккөздерінде көрсетілгендей, Кеңес дәуірінен тәуелсіздік алғанына дейін саясаттағы өзгерістер туралы түсінігі беріледі. Негізделген пікірге жетелейтін дәлелді өзара теңдестіріп, байланыстыру. Орта деңгейлі жауапта Қазақстанның көпұлтты халқымен байланысты мәселелерді біршама түсіну көрінеді, бірақ білімінде кейбір кемшіліктер немесе шектелген уақыт аралығына шоғырланғаны көрінуі мүмкін. Жауапта ұлттық қарым-қатынастардағы өзгерістер қаншалықты болғанын көрсететін талпыныс жасалды. Бірақ «қаншалықты күрделі мәселе» немесе «қаншалықты маңызды» екенін көрсететін жан-жақты жауаптар берілмейді. Төмен деңгейлі жауапта Қазақстандағы көпұлтты халық мәселелеріне шоғырландырылған сұрақты шектеулі түсінгені, ол туралы анық емес немесе шектеулі білімі немесе бір ғана аз уақыт аралығы туралы аздаған білімі көрсетіледі. Шоғырландырылған

сұрақ шектеулі және болжамды жауапқа тән сипаттамасы түрде немесе сұраққа толықтай жауап беру талпынысы болмауы да мүмкін.

3-БМ Дереккөздер авторлылығының және тағы басқа да факторлардың ескерілуімен Қазақстанның көпұлтты халқына байланысты мәселелер туындауы мүмкін бе, жоқ па соны бағалауға көмектесу үшін тиімді пайдаланылады.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

2-БМ Дағдылар және талдау	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.	5–6 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану.
6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.	3–4 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиісті түрде пайдалану.
1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.	1–2 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда аздап пайдалану
0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.	0 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда пайдаланбау.

2-емтихан жұмысының балл қою кестесі

1-БМ– 27 балл
2-БМ – 21 балл
3-БМ – 0 балл

Сұрақ 1

(а) Қазіргі Қазақстан халқының ұстанатын діндерін сипаттаңыз.

1-БМ – 9 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Оқушылар қазіргі Қазақстанның көпконфессиялы мемлекет екендігі жайлы білімін көрсетеді. Тәуелсіз Қазақстан зайырлы мемлекет деп жарияланды. Ислам мен христиан (Провослав) діндері басымдылыққа ие, бірақ Қазақстанда басқа діндер де бар (мысалы, Буддизм, Иудаизм). Жоғары деңгейлі жауапта қазіргі заманғы Қазақстанда халық ұстанатын басты діндермен қатар басқа да діндер талқыланады. Ел халқының өмірінде дін аса басым фактор болып табылмайтыны жайлы пікірлер де ұсынылуы мүмкін.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.

(b) Қазіргі Қазақстан қоғамында дін неліктен шиеленістердің себепшісі болмайтындығын түсіндіріңіз.

БМ1 – 9 балл

БМ2 – 6 балл

Арнайы тапсырманың балл қою кестесінің мазмұны

- 1-БМ** Қоғамдық бірлікті қамтамасыз ететін қазақ қоғамындағы діннің және тағы басқа да элементтердің алатын орны туралы біледі. Жоғары деңгейлі жауапта дін тарапынан төнетін «Қазақстандық» деген қауіптің аздығы және мемлекеттің біртұтастылығы мен толеранттылығын қамтамасыз етудегі атқаратын рөлі сипатталады. Орта деңгейлі жауапта Қазақстандағы басқа да біріктіруші күштер туралы білетіні көрсетіледі, бірақ жауап нақты емес.
- 2-БМ** Оқушының Қазақстандағы діни толеранттылықты, рулық, адалдық, зиялылық, және т.б. сияқты қазақ қоғамын біріктіретін діни емес элементтерді толықтай білетінін және түсінетінін көрсететін нақты түсініктемелер беріледі. Орта деңгейлі жауапта бұл элементтер анықталады, бірақ нақтылығы мен ол туралы түсінігі аз беріледі.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	5–6 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

- (с) «Иосиф Сталин Қазақстандағы дәстүрлі діни топтар үстемдігін жою мақсатына қол жеткізе алмады». Сіз осы тұжырыммен қаншалықты келісесіз?

[24]

1-БМ – 9 балл
2-БМ– 15 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

- 1-БМ** Оқушылардың білімі Сталиндік режим мен атеизмді тарату сияқты саясатты насихаттау бойынша діни, рулық және таптық топтарға бірігу құқығына қарсылық туралы жауапта көрінеді. Жоғары деңгейлі жауапта осы саясаттың жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы түсінік беріледі. Орта деңгейлі жауапта жүргізілген бағдарламалар туралы білімі көрсетіледі, бірақ олардың жетістіктері мен сәтсіздіктері жөніндегі ойлары нашар өрбітілген.
- 2-БМ** Сұраққа берілетін жауап қомақты және мағыналы болуы тиіс. Мұндай жауапта тек саясаттар туралы білімі ғана көрсетіліп қана қоймай, сонымен қатар олардың неліктен жетістікке жеткені немесе сәтсіздікке ұшырағаны туралы да мәселе талданылады. Негізгі назар саясаттардың жетістікке жету немесе сәтсіздікке ұшырау себептеріне салынады, қазақ қоғамы және қоғам үшін саясат тарапынан туындатқан қиындықтары туралы түсінік беріледі. Жетістік / сәтсіздік бағаланады. Орта деңгейлі жауапта шамалы бағалау мен талдау болады.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

2-сұрақ

- (а) Елорданы Алматыдан жаңа жерге көшіру себептерін анықтаңыз.

[9]

1-БМ – 9 балл

Арнайы тапсырманың балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Көшудің кем дегенде үш себебі келтіріледі. Әр себеп дәлелмен негізделуі тиіс. Себептер қоршаған ортаға (мысалы, Алматы төңірегінде жер сілкінісіне ұшырайтын аймақтан көшу), географиялық (мысалы, Астана Алматыға қарағанда орталықта орналасып, көлік желілері жақсырақ), экономикалық (мысалы, экономикалық молшылықты Алматыға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның басқа да көптеген аймақтарын жеткізу), әлеуметтік, мәдени, т.б. жағдайларға байланысты. Ақпарат орынды әрі нақты болуы шарт. Орта деңгейлі жауап көбірек жалпылама түсініктің контекстінде екі себептің берілуімен шектелуі мүмкін.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.

(b) Тәуелсіз Қазақстанды қалыптастыру жолындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметін түсіндіріңіз.

1-БМ – 9 балл

2-БМ – 6 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы заңы және қазақ тілін дамыту мен анық көпвекторлы сыртқы саясатын құру сияқты әлеуметтік, саяси, мәдени саясаттарын қабылдау сияқты Н. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы, басқаруы жайлы екіден кем емес қызметінің анық сипаттамасы берілуі тиіс. Жоғары деңгейлі жауапта тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы Н. Назарбаевтың рөлін білу мен түсіну көрсетіледі және ол қиын жағдайда таңдау жасау қажеттілігіне тап болғаны талқыланады. Орта деңгейлі жауап екі қызметін шамалы түсінуін немесе бір ғана қызметін білу мен түсіну көрсетілуі мүмкін.

2-БМ Сипатталған қызметтердің түсіндірмесін қамтитын сұраққа негізделген және ойластырылған жауап берілуі тиіс. Жоғары деңгейлі жауап қызметтердің сәттілігін/сәтсізділігін бағалауын қамтуы мүмкін, бірақ бұл аса маңызды емес.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	5–6 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.

1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

(с) «Тәуелсіздік алғаннан кейін көшбасшылыққа ие болу - Қазақстан қоғамына өзгеріс әкелді». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз?

[24]

1-БМ – 9 балл
2-БМ – 15 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ *Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстандағы әлеуметтік және саяси өзгерістердің бағыттары туралы анық білімі мен түсінігі болады. Жоғары деңгейлі жауап көшбасшылық ету үшін қиын таңдаулар жасау қажет екендігі жайлы білімдері көрсетіледі. Жауаптар саясаттың арнайы элементтеріне шоғырлануы мүмкін – мысалы, этникалық қатынастарды шебер басқару; қазақ тілін сәтті енгізу; этникалық мәдениетті қайта жаңғырту; тұрақтылық пен этникалық келісімге; білім беруге негіздеу. «Көшбасшылық» кімге қатысты екені, яғни ол Президентке, үкіметке, бизнес көшбасшыларына, мәдени көшбасшыларына қатысты сияқты орынды түсіндірмесі үшін Оқушыларға сәйкесінше балл қойылады.*

2-БМ *Сұраққа берілетін жауап қомақты және мағыналы болуы тиіс. Мұндай жауап нәтижесінде «сіз қаншалықты келісесіз» сұрағына жауап алынады. Орта деңгейлі жауапта шамалы бағалау мен талдау жасалынады. Төмен деңгейдегі жауаптың басым бөлігі сипаттама түрінде беріліп, саясаттың орынды және дұрыс мысалдары келтіріледі.*

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

3-сұрақ

(а) Қазақстандағы индустриалдық экономиканы дамытудың басты кезеңдерін сипаттаңыз [9]

1-БМ – 9 балл

Арнайы - балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Жауапта патшалық билік кезеңімен басталатын және соғыс уақытындағы эвакуация, мұнай-химиялық өнеркәсіптің дамуына апарып соққан Сталин ықпалы сияқты оқиғалары бар мазмұндалған хронология беріледі. Орта деңгейлі жауапта өзгерістер туралы білетіні көрсетіледі, бірақ егжей-тегжейлі мәліметтер толықтай берілмейді.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.

(b) Кеңестік саясат Қазақ КСР индустриясының дамуына қалай жол ашқанын түсіндіріңіз. [15]

1-БМ – 9 балл

2-БМ – 6 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Сұраққа берілетін жауап негізі - Қазақстанды индустрияландыру жолындағы Кеңес үкіметінің қолданған шаралары болуы тиіс және онда индустрияландыру арқылы қазақ емес, одан гөрі Кеңес үкіметінің мүддесінің танылатыны көрсетіледі. Орта деңгейлі жауапта Қазақстандағы Кеңес үкіметінің индустрияландыру саясаты туралы білімі көрсетіледі, бірақ осы саясатты қабылдау туралы жан-жақты мәлімет жеткіліксіз түрде беріледі.

2-БМ Қазақстанды индустрияландыру бойынша Кеңес үкіметінің саясатына қатысты нақты түсініктеме берілген, шоғырландырылған және мағыналы жауап беріледі. Жоғары деңгейлі жауапта бұл саясаттың Қазақстан үшін пайдасы және / немесе құны (шығыны) талданылады.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	5–6 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

(с) «Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан индустриясы өнеркәсіптік және өңдеу үдерісінен сәтті өтті». Сіз бұл тұжырыммен қаншалықты келісесіз?

[24]

1-БМ – 9 балл

2-БМ – 15 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Жауапта пост-индустриялы кезеңдегі, мысалы меншікті жекешелендіру (1991 жылдан бері), индустриялық экономиканы өзгертуге салынған күш туралы дұрыс және жеткілікті білім көрсетіледі. Жауап өзгеріске негізделуі тиіс. Оқушылар мұнай сияқты шикізат материалдарының экспортына деген тұрақты тәуелділігін ерекше атап өтуі мүмкін. Орта деңгейлі жауапта өзгеріс туралы білімі көрсетіледі, алайда егжей-тегжейлі мәліметтер жеткіліксіз беріледі.

2-БМ Осындағы жауап мақсатқа жетуге бағытталған индустриялық саясаттың жүзеге асырылуына қол жеткізу үшін жасалған талпыныстардың жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін ұсына отырып, Қазақстан индустриялық экономикасындағы болған өзгерісті тиімді талдауға негізделеді. Жауап негізгі өндіріс пен өңдеудің басымдылығын ерекше атап өту болып табылады, мұндай жауап нәтижесінде «сіз қаншалықты келісесіз» сұрағына жауап алынады. Жоғары деңгейлі жауапта осындай өту кезеңі қаншалықты толыққанды жүзеге асырылғаны туралы ізденістер жүргізіледі. Сонымен қатар, осы мақсатқа жету жолындағы белгілі бір кедергілер анықталуы мүмкін және «өту кезеңі» ұғымының астарында қандай мағына жатқандығы жайлы зерттелу мүмкіндігі қарастырылады.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
7–9 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–6 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

